

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Ғылым комитеті Т.Қ. Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясының жанындағы философия докторы (PhD) дәрежесін беру жөніндегі 6D040000 – «Өнер» Диссертациялық кеңесі бекіткен ресми пікір білдіруші Phd докторы, Қазақ ұлттық өнер университетінің доценті Ескендіров Нартай Рамазановичтің докторант Султанова Жанагуль Сердалиевнаның 6D041600 – «Өнертану» мамандығы бойынша «Еуропа театры мен қазақ театр өнерінің өзара қарым-қатынас мәселесі» тақырыбындағы философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін жазылған диссертациялық жұмысына

## ПІКІРІ

**1. Зерттеу тақырыбының өзектілігі және оның жалпы ғылыми және мемлекеттік бағдарламалармен (практикалық және ғылыми-техникалық дамуының сұраныстарымен) байланысы.**

Еуропа театры мен қазақ театр өнерінің өзара қарым-қатынас мәселесін қарастыру қазіргі таңда өзекті мәнге ие болып отыр. Тәуелсіздікке қол жеткізген уақыт ішінде мемлекетімізде театр өнерінің болмыс-бітімі мен мәні айқындалып, ұлттық сахна өнеріндегі мәдени мұраларымызды, рухани құндылықтарымызды жаңғыртуға бет бұрылды. Аталмыш үрдіс негізінде көп ұлтты театр кеңістігіміздің дамуына негіз болар көркемдік-эстетикалық бастаулар анықталып, театр өнерінің заманауи сипаты мен тағылымы қайта зерделеумен өз жалғасын тауып жатыр. Бұл диссертацияда еуропа театры мен қазақ театр өнерінің өзара қарым-қатынас мәселесі өнертанушылық тұрғыда зерделеніп, ғылыми пайымдаулар жасалған.

Елбасы Н.Назарбаев «Қазақстан жолы – 2050: Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» Жолдауында: «Дәстүр мен мәдениет – ұлттың генетикалық коды» екендігін атап, «Қазақстан мәдениетінің дамуына жана импульстар беру керек екендігін» нақты айқындаған. Мемлекет басшысы бәсекелестікке қабілетті заманауи мәдениет кластерін дамытуға бағытталған Қазақстан Республикасындағы мәдени саясаттың ұзақ мерзімді тұжырымдамасын бекітті. Аталмыш басты идея Қазақстан халқының тамыры тереңде жатқан мәдени мұрасымен және шығармашылық әлеуетімен Қазақстан Республикасының әлемдегі ең дамыған 30 мемлекеттің қатарына кіру жолындағы көкейкесті мақсатқа қол жеткізуге үндейді.

Театр өнері кез-келген халықтың ұлттық идеологиясының бастауы мен негізгі ұстанымдарын қалыптастырудың нақты құралы екені анық. Ендеше мәдениет пен өнердің әлемдік өркениетте алатын орны мен атқаратын ролі, перспективалық даму платформаларының барлығы да ең алдымен ғылыми тұрғыда сараланып, кейін тәжірибе жүзінде іске асады. Отандық өнертану ғылымында өте аз зерттелген саланың бірі – Еуропа театры мен қазақ театр өнерінің өзара қарым-қатынас мәселесі болып табылады.

Сондықтан, Еуропа театры мен қазақ театр өнерінің өзара қарым-қатынас мәселесін нақты зерделеп, әлемдік сахна заңдылықтары мен

үрдістеріне жауап бере алатын қазіргі ұлттық театр бағыттарын кәсіби тұрғыда пайымдап, рухани мұралардың сақталуы мен заманауи талаптарға сай даму тенденцияларын қарастыру – ғылыми, мәдени - тарихи қажеттіліктерден туындаған міндеттердің бірі.

Бұл біріншіден, қазіргі театр үдерісінің көркемдік көкжиегін жаңа көзқараста танитын, тәуелсіздік пен елдік рухта өнер құбылыстарын жасауға ұмтылған қазақ театрын кәсіби тұрғыда одан әрі дамытуға жол салады. Екіншіден, халықаралық мәдениет аренасындағы Қазақстанның біртуар тұлғасын қалыптастыруға және нығайтуға ықпал етеді.

Еліміз тәуелсіздік алғаннан кейін Еуропа театрлары мен қазақ театр өнерінің өзара қарым-қатынасы күшейе түсті. Тәуелсіз елімізде дәстүрлі түрде өткізілген республикалық және халықаралық театр фестивалдері арқылы Қазақстан театрлары жаһандық үрдістермен сабақтасып, заманауи мәдени түсініктер мен құндылық негіздерін туындатты. Еуразиялық театр кеңістігіндегі мәдениеттердің бір-бірімен тоғысуының, өзара ықпалдастығының, жақындаса әрекеттесуінің арқасында Қазақстандық театрлардың әлемдік стандарттарға сай даму жолдары айқындала түсті. Елбасының «Рухани жаңғыру» мақаласында өз еліміздің мәдениеті мен өнерін әлемге таныту мәселесі өткір қойылған. Сондықтан да Еуропа мен қазақ театрының өзара байланысын зерттеу болашақта қазақ театр өнерінің жаңа бағытта дамуына бағыт болары сөзсіз. Диссертациялық жұмыста зерттелген осындай мәселелер тақырыптың өзектілігін және ғылыми, мемлекеттік бағдарламалармен тығыз байланыстылығын танытады.

**Диссертацияға қойылатын «Ғылыми дәрежелер беру ережелерінің» талаптары шегіндегі өзектілігі.**

Ж.С.Султанова Еуропа театры мен қазақ театр өнерінің өзара қарым-қатынас мәселесін қазақ драматургиясы мен театры пайда болған кезден алып, бүгінгі күнге дейін ұлттық сахна өнерінің дамуына шетел театрының ықпалын, ондағы негізгі бағыттарды айқындаудың түрлі әдіснамалық үдерістерін ғылыми түрде жүйелей отырып, салмақты ғылыми нәтижелерге қол жеткізген. Бұл нәтижелер диссертацияға қойылатын талап деңгейлерін толық қанағаттандырады. Ғылыми нәтижелер ретінде төмендегілерді атауға болады:

**1-ші ғылыми нәтиже.** Еуропа театры мен қазақ театр өнерінің өзара қарым-қатынас мәселесі алғаш рет өз алдына дербес тақырып ретінде сараланған;

**2-ші ғылыми нәтиже.** Шетел және қазақ драматургиясындағы кейіпкерлер типологиясы өзара қарым-қатынастың негізгі көзі ретінде түсіндіріліп, отандық театртану ғылымындағы негізгі тұжырымдамалар жүйеленген;

**3-ші ғылыми нәтиже.** Еуропа театр моделінің даму контекстіндегі қазақ сахна өнерінің өзіндік ерекшеліктері айқындалған. Шетелдік орындаушылық дәстүрлер мен қазақ театр актерлерінің сахнадағы өмір сүру әдістеріндегі даралықтары ашылған;



**4-ші ғылыми нәтиже.** Қазақ театрының қалыптасуы мен дамуына шетелдік театрлардың тигізген ықпалы айқындалып, спектакльдердің көркемдік құндылығы мен режиссерлік шешімдер пайымдалған.

**5-ғылыми нәтиже.** Қазіргі еуропалық сахна мәдениетінің қазақ театрымен өзара қарым-қатынас контекстіндегі шығармашылық сабақтастық пен жаңашылдық ізденістері анықталған;

**6-ғылыми нәтиже.** Тәуелсіз мемлекетіміздің қазіргі театр мәдениеті мен эстетикасына шетел режиссерлерінің қосқан үлестері сараланған;

**7-ғылыми нәтиже.** Еуропадағы өнімді әрі тиімді театр әдістері мен жүйелерінің ұлттық театр өнерімізге ықпалы танытылған;

**8-ғылыми нәтиже.** Жаһандану жағдайындағы қазақ театр өнерінің жаңа үрдістері мен даму перспективалары нақты белгіленіп көрсетілген;

**9-ғылыми нәтиже.** Қазіргі кезеңдегі қазақ театрының мәдени-эстетикалық ролін көтерудегі Еуропа театрларының орны нақтыланған;

**10-ғылыми нәтиже.** Қазіргі еуропалық театрға тән сахна кеңістігін пайдаланудағы озық режиссерлік ізденіс қолтаңбасының қазақ театрынан көрініс тауып, қазақ режиссерлеріне ой салуы, қазақ театрының еуропалық сахна мәдениетімен өзара тығыз шығармашылық сабақтастығы қоғамның рухани және саяси-экономикалық дамуының, мәдениетаралық коммуникация мен технология дамуының жетістіктері ретінде дәйектелген.

**Ізденушінің диссертацияда тұжырымдаған әрбір нәтижесінің, тұжырымдары мен қорытындыларының негізделуі және шынайылық дәрежесі.**

Еуропа театры мен қазақ театр өнерінің өзара қарым-қатынас мәселесіне арналған зерттеу жұмысының әрбір нәтижесі, тұжырымдары мен қорытындылары салмақты, қисынды негізделген.

*1-жаңалықтың дәйектілік деңгейі.* Еуропа театры мен қазақ театр өнерінің өзара қарым-қатынас мәселесі алғаш рет өз алдына дербес тақырып ретінде сараланып, отандық театртану ғылымындағы негізгі тұжырымдамалар жүйеленуі қазіргі ғылыми зерттеу сұраныстары мен талаптарына сай зерттелген. Әдіснамалық негіздерге сүйене отырып, зерттеуші нәтижелерді нақты дәйектей алған. Л.Н.Львов, Қ.Қуандықов, Б.Құндақбаев, Л.И.Богатенкова, Р.Нұрғалиев, Ә.Сығаев, А.Қадыров, С.Қабдиева, Б.Нұрпейіс, А.Еркебай, А.Мұқан, М.Жақсылықова, З.Исламбаева сияқты ғалым-зерттеушілердің тұжырымдарын негізге ала отырып, дәлелді тұжырымдар жасаған.

*2-жаңалықтың дәйектілік деңгейі.* Шетел және қазақ драматургиясындағы кейіпкерлер типологиясы өзара қарым-қатынастың негізгі көзі ретінде зерттеліп, теориялық және әдіснамалық негіз ретінде К.С.Станиславский, Вл. И. Немирович-Данченко, С.М.Михоэлс, В.Э.Мейерхольд, П.А.Марков, А.К. Дживелегов, Г.Бояджиев, И.Клейнер, Б.В.Алперс, Ю.Барбой, Э.Фишер-Лихте, Ханс-Тис Леман, Д.Г.Ливнев, А.В.Бартошевич, И.Н.Соловьева, А.А.Чепуров, М. Швыдкой, Ю. Клейман секілді шетел-орыс-кеңес ғалымдары, сондай-ақ: Б. Брехт, А.Арто, П.Брук, Е.Гротовский, Э.Бентли, Ю.Альшиц т.б. шетел ғалымдары еңбектеріндегі тұжырымдар талқыға түскен. Дәйектілік деңгейі шынайы.

*3-жаңалықтың дәйектілік деңгейі.* Шетелдік орындаушылық дәстүрлер мен қазақ театр актерлерінің сахнадағы өмір сүру әдістеріндегі даралықтары ғылыми тұрғыда нақты қойылымдар арқылы дәлелденген;

*4-жаңалықтың дәйектілік деңгейі.* Қазақ театрының қалыптасуы мен дамуына шетелдік режиссураның тигізген ықпалы айқындалып, спектакльдердегі суреткерлік ойлар сарапталып, режиссерлік шешімдер пайымдалған. Бұл тұрғыда отандық театртанушы-ғалымдардың ғылыми еңбектері мен пікірлері басшылыққа алынған.

*5-жаңалықтың дәйектілік деңгейі.* Қазіргі еуропалық сахна мәдениетінің қазақ театрымен өзара қарым-қатынас контекстіндегі шығармашылық сабақтастық пен жаңашылдық ізденістері анықталған. Бұл тұста шетелдік театртану мамандары Б.Брехт, А.Арто, П.Брук, Е.Гротовский, Дж.Стрелер, Э.Бентли, Ю.Альшиц, т.б. театр өнері туралы жазылған ғылыми еңбектері негіз болған.

*6-жаңалықтың дәйектілік деңгейі.* Тәуелсіз мемлекетіміздің қазіргі театр мәдениеті мен эстетикасына шетел режиссерлерінің қосқан үлестері шынайы дәйектелген. Еуропадағы өнімді әрі тиімді театр әдістері мен жүйелерінің ұлттық театр өнерімізге ықпалы да нақты талдаулар, шынайы қорытындылар арқылы көрсетілген.

*7-жаңалықтың дәйектілік деңгейі.* Еуропадағы кәсіби тұрғыда жүйеленген театр әдістері мен жүйелерінің ұлттымыздың театр өнеріне жасаған ықпалын шетел режиссерлердің қойылымдарын сараптау арқылы айқындаған;

*8-жаңалықтың дәйектілік деңгейі.* Әлемдік театр кеңістігінің үнемі өзгеріске ұшырауын, жаһандану жағдайындағы қазақ театр өнерінің жаңа үрдістері мен даму перспективаларын анықтау мақсатында, нақты пайымдаулар жасалған;

*9-жаңалықтың дәйектілігі деңгейі.* Қазіргі кезеңдегі қазақ театрының мәдени-эстетикалық ролін көтерудегі Еуропа театрларының орнын нақтылау нәтижелер мен тұжырымдардың салмақтылығын танытады.

*10-жаңалықтың дәйектілігі деңгейі.* Қазіргі еуропалық театрға тән сахна кеңістігін пайдаланудағы озық режиссерлік ізденіс қолтаңбасының қазақ театрынан көрініс тауып, қазақ режиссерлеріне ой салуы, қазақ театрының еуропалық сахна мәдениетімен өзара тығыз шығармашылық сабақтастығы қоғамның рухани және саяси-экономикалық дамуының, мәдениетаралық коммуникация мен технология дамуының жетістіктері ретінде терең талдаулар арқылы жүзеге асқан.

**2. Ізденушінің диссертациясында тұжырымдалған әрбір ғылыми нәтижесі (қағидасы) мен қорытындысының жаңалық дәрежесі.**

Докторант Ж.С.Султанованың ғылыми нәтижесіне алынған тақырыптың бір жүйеде бұрын-соңды зерттелмеуі – ғылыми жұмыстың негізгі жаңалығы болып табылады.

**1-ші ғылыми-нәтиже – салыстырмалы түрде жана.** Еуропа театры мен қазақ театр өнерінің өзара қарым-қатынас мәселесі алғаш рет өз алдына дербес тақырып ретінде ғылыми зерделенуі, театртануға тән ғылыми ұғымдардың жүйеленуі тұрғысынан қарастырылған;



**2-ші ғылыми нәтиже – жаңа.** Шетел және қазақ драматургиясындағы кейіпкерлер типологиясы өзара қарым-қатынастың негізгі көзі ретінде түсіндіріліп, отандық театртану ғылымындағы негізгі тұжырымдамалар қазіргі қазақ театртану ғылымындағы салмақты тұжырымдамалардың жүйеленуі негізінде сараланған;

**3-ші ғылыми нәтиже – жаңа.** Еуропа театр моделінің даму контекстіндегі қазақ сахна өнерінің өзіндік ерекшеліктерімен шетелдік орындаушылық дәстүрлер мен қазақ театр актерлерінің сахнадағы өмір сүру әдістеріндегі даралықтары нақты анықталған;

**4-ші ғылыми нәтиже – жаңа.** Қазақ театрының қалыптасуы мен дамуына шетелдік режиссураның тигізген ықпалы қазіргі ғылыми зерттеу сұраныстары мен талаптары негізінде сараланған;

**5-ші ғылыми нәтиже – жаңа.** Қазіргі еуропалық сахна мәдениетінің қазақ театрымен өзара қарым-қатынас контекстіндегі шығармашылық сабақтастығы мен жаңашылдық ізденістері анықталған;

**6-шы ғылыми нәтиже – жаңа.** Тәуелсіз мемлекетіміздің қазіргі театр мәдениеті мен эстетикасына шетел режиссерлерінің қосқан үлестері нақты мысалдар арқылы талдаулар және дәйектеулер негізінде зерделенген;

**7-ші ғылыми нәтиже – жаңа.** Еуропадағы қазіргі театр әдістері мен жүйелерінің ұлттық театр өнерімізге тигізген әсер-ықпалының жағымды тұстары айқын көрсетілген;

**8-ші ғылыми нәтиже – жаңа.** Ұлттың рухани болмысына әсер етіп жатқан жаһандану жағдайында қазақ театр өнерінің өзіндік келбетін сақтау тұрғысындағы жаңа үрдістерді қалыптастырудың нақты қадамдары мен даму перспективалары тұжырымдалған.

**9-шы ғылыми нәтиже – жаңа.** Қазіргі кезеңдегі қазақ театрының мәдени-эстетикалық рөлін көтерудегі еуропа театрларының орны нақтыланған; Бұл тұжырымға ізденуші зерттеу барысындағы жүйелі де мақсатты талдаулары нәтижесінде келген;

**10-шы ғылыми нәтиже – салыстырмалы түрде жаңа.** Қазіргі еуропалық театрға тән сахна кеңістігін пайдаланудағы озық режиссерлік ізденіс қолтаңбасының қазақ театрынан көрініс тауып, қазақ режиссерлеріне ой салуы, қазақ театрының еуропалық сахна мәдениетімен өзара тығыз шығармашылық сабақтастығы қоғамның рухани және саяси-экономикалық дамуының, мәдениетаралық коммуникация мен технология дамуының жетістіктері ретінде заманауи өнер кеңістігі үшін қаншалықты маңызды екендігі сараланған;

**Алынған нәтижелердің ішкі бірлігінің бағалануы.**

Диссертацияға қатысты зерттеу материалдары әдістемелік тұрғыдан дұрыс пайдаланылған. Ізденістің қол жеткізген нәтижелері отандық ғылымның өнер теориясы мен тарихының зерттелу жүйесінің дамуына орынды ықпалын тигізері сөзсіз. Сондықтан, ғылыми ізденістің тұжырымдары мен ұсыныстары бүгінгі талаптарға сай және қоғам өмірі салаларының дамуына байланысты туындайтын тың мәселелердің шешімдеріне тиянақты жауап беретіндей деңгейде деп бағалауға болады. Зерттеу жұмысының тақырыбы, нысаны, мақсаты мен міндеттері теориялық

және әдіснамалық ұстанымдары нақты айқындалған, әрі оның ғылыми нәтижелерінің бірлігі қисынды құрылымда қалыптасқан және ішкі бірлігінің бар екендігімен сипатталады.

«Еуропа және қазақ театрлары арасындағы қарым-қатынас генезисі» атты бірінші тараудың «Қазақ театры мен драматургиясының бастауы және ұлт сахна өнерінің дамуына шетел театрының ықпалы» деп аталатын бірінші тараушасында қазақ театрының алғаш құрылып, қалыптаса бастаған жылдары, сол кезеңдегі саяси-әлеуметтік және мәдени үдерістерге сай тікелей орыс театрының үлгісімен құрылып, қалыптасу жолынан өткені, шетел классикасын игеруді де орыс театрларының білікті мамандарының көмегімен жүзеге асырғаны жан-жақты сарапталған.

«Шетел және қазақ драматургиясындағы кейіпкерлер типологиясы – өзара қарым-қатынастың негізгі көзі» деген екінші тараушасында қазақ классикалық драматургиясының алтын қорына енетін туындылардағы бірқатар кейіпкерлерде шетел классикасының белгілі бір кейіпкерлеріне тән ұқсастықтар мен ерекшеліктер бар екені талданған.

«Еуропа театр моделінің даму контекстіндегі қазақ сахна өнерінің өзіндік ерекшеліктері» атты екінші бөлімінің «Еуропа және қазақ актерлік өнеріндегі форма: сахнада өмір сүру заңдылығы» тараушасында Еуропа сахна дәстүрлері мен қазақ театрында пайда болған формалар арасындағы өзара байланыстың түп қазығы айқындалған. Ал, «Қазақ сахна өнері және Еуропа театрларының моделі» деген екінші тараушасында қазақ театрының құрылу ерекшелігі жағынан Орта Азия республикалары театрларынан өзгешелігі бар екені алға тартылған.

«Заманауи режиссура – қазақ және Еуропа театр өнерінің негізгі қарым-қатынас құралы» деп аталатын үшінші бөлімінің «Театр кеңістігін игерудегі ресейлік режиссерлер ізденістері және оның қазақ сахнасындағы көрінісі» атты бірінші тараушада ресейлік театр режиссерлерінің спектакльдері талданған.

«Қазіргі қазақ театры еуропалық сахна мәдениетімен өзара әрекет контекстіндегі дамуы: сабақтастық пен жаңашылдық» атты екінші тараушада осы заманғы шетелдік үздік режиссерлердің қазақ сахнасында алуан түрлі тақырыптағы пьесаларды сахналау үрдісі, олардың режиссурасындағы ерекшеліктер айқындалған.

Диссертанттың қол жеткізген нәтижелері мен тұжырымдары, дәлелдері мен дәйектемелерінің ғылыми маңыздылығы жоғарғы деңгейде.

**4. Ізденушінің алынған нәтижелерінің тиісті өзекті мәселені теориялық және қолданбалы міндеттерді шешуге бағытталғандығы.**

Аталмыш диссертацияда алынған нәтижелер тәуелсіздік тұсындағы рухани жаңару мен дәстүрлі танымға, жаһандық мәдениетке бет бұру үрдісі барысында дәстүрлі құндылықтарды қайта бағалауға және қазіргі жаһандану жағдайында рухани тәуелсіздікті сақтап қалуға әсерін тигізетін Еуропа театры мен қазақ театр өнерінің өзара қарым-қатынас мәселесі ғылыми тұжырымдарын орнықтыруға өзіндік үлесін қосады. Ғылыми зерттеу барысында қол жеткізген нәтижелер заманауи театр өнеріндегі сабақтастық



пен жаңашылдық мәселесінің ғылыми негізделуін, оның әдіснамалық-теориялық маңыздылығын танытады.

Диссертациялық зерттеудің негізгі тұжырымдары жоғарғы оқу орындарында, театрларда, өнертанушы және театртану мамандықтарының білім алушыларын оқыту үрдістерінде, зерттеу жұмыстарын орындауда және заманауи театр өнерінің ерекшеліктері мен бағытын бақылауда теориялық білімін кеңейтуге мүмкіндік береді. Сондай-ақ, қазақ театр өнерінің тарихы мен теориясы туралы дәрістер дайындауға септігін тигізеді. Диссертациялық зерттеу жұмысының материалы театртанушылардың ғылыми-зерттеу жұмыстарына және режиссерлардың шығармашылық тәжірибелерінде қажет.

**Диссертацияның негізгі қағидасының, нәтижесінің, тұжырымдары мен қорытындыларының жариялануының жеткіліктігіне растама**

Диссертациялық жұмыстың тұжырымдары мен қорытындылары, басты ұстанымдары мен ғылыми нәтижелері Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Білім және ғылым саласындағы бақылау комитеті бекіткен арнайы ғылыми басылымдарында жарық көрді. Сонымен қатар, аталған диссертацияның қол жеткізген негізгі тұжырымдары мен қағидалары шетелдік импакт-факторы бар ғылыми басылымдарда, халықаралық ғылыми-теориялық және Республикалық ғылыми-практикалық конференциялар жинақтарында қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде мақалалары жарық көрді. Барлық мақалалар саны - 10.

Докторанттың жасаған баяндамалары мен мақалалары диссертациялық еңбектің мазмұнымен іштей ұштасып, алдына қойған зерттеушілік мақсаттарымен тығыз байланыста құрылған.

#### **8. Аңдатпаның диссертация мазмұнына сәйкестігі.**

Аңдатпа диссертациялық жұмыстың мазмұны мен құрылымымен толық сәйкестендірілген, негізгі зерттеулер ғылыми тұжырымдармен рәсімделген.

#### **9. Диссертация мазмұнындағы және рәсімделуіндегі кемшіліктер.**

Талқылаудан өтіп, қорғауға ұсынылып отырған зерттеу жұмысының жоғарыда көрсетілген жетістіктерімен қатар, оның мазмұны мен құрылымында кейбір олқылықтардың кездесетінін көрсетеміз.

*1-ескерту.* Диссертацияның «Еуропа және қазақ театрлары арасындағы қарым-қатынас генезисі» деп аталатын бірінші бөлімінің «Қазақ театры мен драматургиясының бастауы және ұлт сахна өнерінің дамуына шетел театрының ықпалы» деген тараушасында қазақ драматургиясының тууы мен қалыптасуы жөнінде қазақ театр тарихы үшін бұрыннан белгілі кейбір мәліметтер беріліп кетіпті. Сондықтан ол тағы да бірқатар тың деректермен толықтыра түсуді қажет етеді.

*2-ескерту.* «Қазақ сахна өнері және Еуропа театрларының моделі» деген тараушасында Еуропа театрларының моделін әлі де болса тереңдете түсу керек.

Бұл аталған кемшіліктер мен ескертулер зерттеу жұмысының ғылыми құндылығына кері әсерін тигізбейді. Біз оларды ұсыныс ретінде қабылданады деп білеміз.

**10. Диссертацияның Ғылыми дәрежелер беру талаптарына сәйкестігі.**

Докторант Ж.Султанованың «Еуропа театры мен қазақ театр өнерінің өзара қарым-қатынас мәселесі» атты диссертациялық жұмысы зерттеу ауқымының кеңдігімен, қол жеткізген нәтижесінің нақтылығымен, ұсынылған тұжырымдарының ғылыми негізде қорытындылануымен құнды болып есептеледі. Докторанттың ғылыми-зерттеу еңбегі Ғылыми дәрежелер беру талаптарына сай орындалған.

Диссертацияның осы айқындаушы белгілеріне сүйене отырып, докторант Султанова Жанагуль Сердалиевнаны 6D041600 – «Өнертану» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алуға лайықты деп есептеймін.

**Ресми пікір беруші:**

**Phd докторы, Қазақ ұлттық өнер университетінің  
доценті**



**Ескендиpов Н.Р.**

